

Пед.кеңесте қаралды
№ 1 «26» 08 2025 ж



Бекітемін

М.Т. Бимагамбетова

Талдысай ЖОББМ директорының м.а.

Келісілді

С.Б. Биртаева
Өйтеке би аудандық білім
бөлімінің басшысы



Тақырыбы:

Жаһандық құзыреттіліктер»

(Вариативті компонент)

Сыныбы: 7 «а»

Орындады: Мукашева К.С

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Ә/Б отырысында қаралды: А.А. Алимкулова
(Ә/Б жетекшісі)

№ 1 хаттама «26» күні 08 айы 2025 ж

Тексерілді: М.Т. Бимагамбетова
оқу- ісінің орынбасары

2022– 2026 оқу жылы

Түсінік хат

1. "Жаһандық құзыреттер" курсының оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. "Жаһандық құзыреттер" курсы білім алушылардың құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдеп нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Курстың мақсаты: бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттерге ие тұлғаны қалыптастыру.

4. Курстың міндеттері:

1) 1) білім алушылардың азаматтық ұстанымын және өз елінің мүддесіне қызмет етуге дайындығын қалыптастыру;

2) білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту: адалдық, әдептілік, ізгі ниет, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік;

3) білім алушыларда медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру;

4) салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;

5) экологиялық мәдениетті дамыту;

6) қоғам өміріндегі діннің рөлі туралы түсінік қалыптастыру.

5. "Жаһандық құзыреттер" курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

7-сыныпта аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Білім алушыда:

1) азаматтық ұстаным;

2) әлеуметтік жауапкершілік;

3) мінез-құлық мәдениеті;

4) басқаларға көмекке дайын және құрметпен қарайтын;

5) салауатты өмір салты және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары;

6) сыни, креативті және шығармашылық ойлау дағдылары;

7) алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары;

8) зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдылары.

Мазмұндық бөлім

I Бөлім Этика және әдеп - 3 сағат.

Бұл бөлімде сыпайы сөйлеудің маңызын, рухани сапа- адам өміріндегі басты қасиет екенін біледі. Кемшіліктермен жұмыс істеу – кемелдікке апаратын жол екенін ұғынады. Зорлық- зомбылықты болдырмай, өзін қорғау жолдарын меңгереді.

II Бөлім Азаматтық және патриотизм- 3 сағат

Мектебінің жетістіктері туралы әңгімелейді. Ана тілін құрметтеудің маңызын түсінеді, өз елін танымал еткен тұлғалардан үлгі алуды үйренеді.

III Бөлім Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық- 5 сағат.

Медиакеңістікте және көпшілік алдында сөз сөйлеуді үйренеді, телефон алаяқтарынан сақтануды, подкаст және байланыстың заманауи әдістері туралы мағлұмат алады. Жеке табысты тиімді басқару, отбасы бюджетін жоспарлау, отбасының қаржылық мақсаттары мен ақша жинақтарын құруді меңгереді.

IV Бөлім Өмір сүру қауіпсіздігі – 3 сағат.

Табиғаттағы қауіпсіздік туралы, табиғи апаттар кезіндегі іс-қимыл ережелерімен танысады, техника қауіпсіздігін пайдалану жолдарын үйренеді. Азық-түлік қауіпсіздігі туралы мағлұмат алады, қауіп туралы дабылды қалай беруге болатынын біледі.

V Бөлім Экологиялық мәдениет- 3сағат .

Еліміздің экологиясы туралы мағлұмат алады. Экологиялық тәуекелдер, табиғатты қалай қорғауға болатынын біледі.

Ақпараттық – әдістемелік бөлім

I Бөлім Этика және әдеп

Бейнероликтерді дайындау

Мәтіндер оқу, эссе жазу.

Буклеттер дайындау.

II Бөлім Азаматтық және патриотизм

Әлеуметтік жоба

"Еліміздің мақтанышы" бейнеролигін дайындау

III Бөлім Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық

Зерттеу жұмысы

Ситуациялық есептерді шешу

Рөлдік ойындар

Схемаларды құру

Нұсқаулықтарды әзірлеу

Рөлдік ойындар

IV Бөлім Өмір сүру қауіпсіздігі

Зерттеу жұмысы

Жағдаяттық есептерді шешу

Бейнеролик түсіру

Табиғаттағы қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу

V Бөлім Экологиялық мәдениет

Табиғатпен бірлікте қалай өмір сүру керек" тақырыбындағы шығарма

"Біздің экология" фотокөрмесі

"Табиғатты қорғайық!" тақырыбына презентация

Экологиялық акциялар

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсының ұзақ мерзімді жоспары
7-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзім і	Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім)
I Бөлім .Этика және әдеп				
1	Сыпайы сөйлейміз Рухни сапа-адам өміріндегі басты қасиет	1	10.09	Бейнеролик дайындау Жоба Жағдаяттық есептерді шешу
2	Кемшіліктермен жұмыс істеу-кемелдікке апаратын жол Басқаларға қуаныш үшін жақсылық жасау	1	24.09	
3	Зорлық-зомбылықты болдырмау және өзіңізді қалай қорғауға болады?	1	08.10	
II Бөлім. Азаматтық және патриотизм				
4	Менің мектебімнің жетістіктері	1	22.10	Жоба Зерттеу жұмысы "Еліміздің мақтанышы" бейнеролигін дайындау
5	Өзге тілдің бәрін сүй, өз тіліңді құрметте!	1	12.11	
6	Өз елін танымал еткен тұлғалар.Тарих беттерінен	1	26.11	
III Бөлім .Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық				
7	Медиакеңістікте және көпшілік алдында сөз сөйлеу	1	10.12	Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу Рөлдік ойындар Схемаларды құру Рөлдік ойындар Конкурс
8	Телефон алаяқтары: не істеу керек?	1	24.12	
9	Подкаст. Байланыстың заманауи әдістері	1	21.01	
10	Жеке табысты қалай тиімді басқаруға болады Отбасы бюджетін қалай жоспарлауға және үнемдеуге болады Отбасының қаржылық мақсаттары.	1	04.02	
11	Ақша жинақтары қалай құрылады? Банк кредиттері Отбасының қаржылық қауіпсіздік тірегі	1	18.02	
IV Бөлім. Өмір сүру қауіпсіздігі				
12	Табиғаттағы қауіпсіздік Табиғи апаттар кезіндегі іс-қимыл ережелері	1	04.03	Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу Бейнеролик түсіру Табиғаттағы қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу
13	Техниканы қауіпсіз пайдалану. Қауіп туралы дабылды қалай беруге болады?	1	18.03	
14	Мен не жеймін? Азық-түлік қауіпсіздігі.	1	08.04	
V Бөлім Экологиялық мәдениет				
15	Менің өлкемнің, елімнің экологиясы	1	22.04	"Табиғатпен бірлікте қалай өмір сүру керек" тақырыбындағы шығарма "Біздің экология" фотокөрмесі "Табиғатты қорғайық!" тақырыбына презентация Экологиялық акциялар
16	Табиғатпен бірлікте қалай өмір сүруге болады? Экологиялық тәуекелдер	1	06.05	
17	Табиғатты қалай қорғауға болады? "Көміртегі ізі": қауіп-қатерлерді қалай азайтуға болады?	1	20.05	

Қолданылатын әдебиеттер:

Мұғалімдер үшін

1. «Жаһандық күзіреттер» мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулық. 7-сынып
Г.С.Аскарова, А.А.Қасымбек, Г.Т.Кажиева, П.Т.Ізімова, Г.Н.Чубаева, Г.К.Казербаева, Қ.Ә.Әуесбай . « Arman-RV» 2024ж.
2. Жарықбаев Қ, Қалиев С «Қазақ тәлім-тәрбиесі» Алматы «Санат» 1995ж
3. Жұмабаев М «Шығармалар» Алматы «Білім» 1996 ж
4. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы «Атамұра» 2013 ж
5. Адамбаев Б, Жарқынбекова Т .Ел аузынан, Шешендік сөздер, акындық толғамдар, аңыз-әңгімелер. Алматы «Жазушы» 1989ж
6. Момышұлы Б «Ұшқан ұя» Алматы «Атамұра» 2003 ж
7. Интернет-ресурстар

Оқушылар үшін:

- 1.«Жаһандық күзіреттер» 7 сынып оқушыларына арналған оқулық.
Г.С.Аскарова, А.А.Қасымбек, Г.Т.Кажиева, П.Т.Ізімова, Г.Н.Чубаева, Г.К.Казербаева, Қ.Ә.Әуесбай . « Arman-RV» 2024ж.

2.Интернет-ресурстар

3. Момышұлы Б «Ұшқан ұя» Алматы «Атамұра» 2003 ж
- 4.Мақатаев М шығармалар жинағы. Алматы «Жалын» 2001ж
- 5.Даналардан шыққан сөз . Алматы «Жазушы» 1994ж